

27	Ойыншықпен ойнату арқалы баланы сойлету.	Балаларды бір-бірімен тату дос болуды айтып түсіндіру. Достық осыдан басталатынын айту. Екі дос әңгімесін оқып айтып беру. Балалардың сөздік қорын кеңейту.	1	14.03
28	«Машина» К.Ыбыраев өлеңі	К.Ыбыраевтың «Машина» өлеңін жаттату. Ойыншықтың түрлерін айтып түсіндіру.	1	28.03
29	Мына ойыншықтың қызғын-ай.	Балаларды серуенде ойнайтын ойыншықтармен таныстырып, ол ойыншықтармен серуенге шыққанда кұмен ойнайтындарын айтып түсіндіру.	1	4.04
30	Айнурдың ойын бөлмесі.	Балаларды ойыншық бөлмесімен таныстырып, ойыншық бөлмесі жеке болатынын айту.	1	11.04
31	Біздің топтағы әдемі ойыншықтар.	Балаларды ойыншықтың көптеген түрлері бар екенін айтып түсіндіру. Ойыншықтар өлеңін жаттату.	1	18.04
32	Ойыншықпен тату ойнаймыз.	Балаларға ойыншықпен ұқытты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету.	1	25.04
33	Мен және менің қуыршағым	Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту.	1	2.05
34	Қуыршақ – менің сүйікті ойыншығым.	Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.	1	16.05
35	Қуыршақ – менің сүйікті ойыншығым.	Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.	1	23.05
36	Қорытындылау оқу қызметі	Балаларды ойыншықтар туралы алған білімдерін қорыту.	1	30.05

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы

№ 1 « 18 » тамыз 2021 ж
Педкеңесте қаралды



Бекітемін:
Мектеп директоры С.Т. Қойайдаров
« 2 » « 21 » қыркүйек 2021 жыл



Келісемін:
Ойыл ауданының білім бөлімінің
басшысы С.Т. Меруенов
№ 1 хаттама
10.09.2021 ж.

ОЙЫНШЫҚТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

(вариативтік компонент)

Пайдаланушы: Қайырмаманова С.Н.
Шағын орталық тәрбиешісі
Ә/Б отырысында қаралды Арнайы
(Ә/Б жетекшісі)
№ 1 хаттама 18 күні 08 айы
Тексерілді: Дарбаева Г.С. Дарибаева
Оқу ісі жөніндегі орынбасары

2021-2022 оқу жылы

Кіріспе

Ұсынылып отырған бағдарлама «ҚР-ның жалпы білім беруінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жасалды. Бұл бағдарлама әрбір баланың шығармашылық және парасаттылық қабілеттіліктерін жан – жақты дамытуға вариативтік бөліміне арналған әдістемелік құрал.

Бағдарламаның мақсаты:

- коммуникативтік, танымдық және басқа да белсенділіктерді ынталандыру;
- баланы адал, шынышыл, әділетті, қамқор болуға тәрбиелеу;
- әрбір баланың шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан – жақты дамыту;
- сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке, сауаттылыққа тәрбиелеу;
- баланың сөздік қорын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жіренуге тәрбиелеу;
- театрлық іс-әрекетті ертегілерде пайдалана отырып ойын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты, таяқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу;
- ертегілерге балалардың қызығушылығын оятып, кейіпкермен бірге қуану-қайғыруды, төңірегіндегілердің көңіл-күйін байқауға үйрету;
- баланың қиялын, есте сақтауын творчествовалық қабілетін дамыту: ойдан әңгіме, ертегі шығарып үйрету;
- балалардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін ояту.

Бағдарлама мазмұны бойынша меңгерілуге тиісті білім мен біліктілікке қойылатын талаптар:

- балалар тақырыпты өздігінен талдап, оқылған сабақ жайында өзіндік сезінуі, түйсінуі негізінде баға беру, ойларын жеткізе білу;
- тақырыпқа байланысты талдау жасай білуі;
- тақырыбы бір – біріне ұқсас оқиға желісіне байланысты ажырата, салыстыра білуі;
- тақырыптарды өмірмен байланыстыра алу;
- ойын арқылы тілін жетілдіру.

Бүлдіршіндердің бір – бірімен ауызекі сөйлесуі арқылы тілді меңгеруіне ықпал етеді. Сабаққа балалардың қызығушылығын оятып, кейіпкердің жағымды және жағымсыз қылықтарын бағалап, өз ойларын еркін айта білуге дағдыландыру.

Бағдарламаның мазмұны қарапайымдыдан күрделіге көшу қағидасына негізделе отырып жасалған.

«Ойыншықтар әлеміне саяхат»

№	Тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Сағат саны	Мерзімі
1	Менің ойыншықтарым	Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету.	1	6.09
2	Менің ойыншықтарым	Балаларды ойыншықтың түрімен таныстырып, ойыншықты әдемі жинауды үйрету.	1	13.09
3	Балабақшада ойыншықпен қалай ойнау керек?	Балаларды ойыншықпен ойнар алдында тату- тәтті, дос болуға дағдыландыру. Ойыншықпен бөлісіп ойнауға үйрету.	1	20.09
4	Балабақшада ойыншықпен қалай ойнау керек?	Балаларды ойыншықпен ойнар алдында тату- тәтті, дос болуға дағдыландыру. Ойыншықпен бөлісіп ойнауға үйрету.	1	27.09
5	Қуыршақты тамақтандыру	Балаларды алдымен қуыршақпен таныстырып, қуыршақпен кімдер ойнайтынын айтып түсіндіру. Қуыршақты тамақтандыруды үйрету.	1	4.10
6	Мен қызығам ойыншыққа	Балалардың ойыншыққа қызығушылығын арттыру. Ойыншықпен ұқыпты ойнауды үйрету.	1	11.10
7	Баланы ойыншықпен қызықтыру.	Балаларды топтағы ойын бөлмесіндегі ойыншықтармен таныстырып, сол ойыншықтармен балалардың қызығушылығын арттыру. Ойыншықты тани білуге үйрету.	1	18.10
8	Қуыршақты жинауды.	Балаларды қуыршақпен таныстырып, қуыршақты қалай жинауды үйрету. Қуыршақ өлеңін жаттату.	1	25.10
9	Ойыншықтарды жинау.	Балаларға ойыншықпен ұқыпты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету.	1	1.11
10	Қуыршаққа ат қою.	Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.	1	8.11
11	Ойыншықтарды топ-топқа бөлу.	Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту.	1	15.11
12	Ойыншықтарды топ-топқа бөлу.	Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту.	1	22.11

13	Жұмсақ ойыншық.	Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, соның ішінде жұмсақ ойыншыққа жеке тоқталу, түсіндіріп айту.	1	29.11
14	Серуенде ойнайтын ойыншықтармен танысу.	Балаларды серуенде ойнайтын ойыншықтармен таныстырып, ол ойыншықтармен серуенге шыққанда құмен ойнайтындарын айтып түсіндіру.	1	6.12
15	Менің ойыншықтарым қалай тамақтанады?	Балаларды ойыншықтың көптеген түрлері бар екенін айтып түсіндіру. Ойыншықтар өлеңін жазаттау.	1	13.12
16	Жұмсақ ойыншықпен ертегі құру.	Қыстағы айналадағы ерекшеліктерді бақылату, қойылған сұраққа жауапты толы қберуге дағдыландыру. Ертегі мазмұнын айтып беру.	1	20.12
17	«Ойыншықтар» Н.Әлімқұлов	Н.Әлімқұловтың ойыншықтар өлеңін жазаттау. Ойыншықтың түрлерін айтып түсіндіру.	1	27.12
18	Ойыншықпен ойнайтын ойындар.	Балаларды ойыншықпен ойнайтын ойындармен таныстыру. Қалай ойнауды түсіндіру. Асхана ойыны.	1	3.01
19	Ойнап өс, ойнап өс.	Балаларды адамгершілікке, досқа адал болуға, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	1	10.01
20	Ойнап өс, ойнап өс.	Балаларды адамгершілікке, досқа адал болуға, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	1	17.01
21	Ойнауға досым шақырып тұр.	Балаларды бір-бірімен тату дос болуды айтып түсіндіру. Достық осыдан басталатынын айту. Екі дос әңгімесін оқып айтып беру.	1	24.01
22	Ойыншықтың түрлері.	Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, ойыншықтар ар түрлі болатынын айту.	1	31.01
23	Ойыншықтың түрлері.	Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, ойыншықтар ар түрлі болатынын айту.	1	7.02
24	Аю – әдемі сыйлық.	Жануарларды ажырата білуге, балалардың сөздік қорын кеңейту.	1	14.02
25	Ойыншықтар бөлмесі.	Балаларды ойыншық бөлмесімен таныстырып, ойыншық бөлмесі жеке болатынын айту.	1	21.02
26	Ойыншықпен ойнау арқылы баланы сөйлету.	Балаларды бір-бірімен тату дос болуды айтып түсіндіру. Достық осыдан басталатынын айту. Екі дос әңгімесін оқып айтып беру. Балалардың сөздік қорын кеңейту.	1	28.02

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бала мен балабақша журналы 2011 жыл №5
2. Отбасы және балабақша журналы 2013 №2
3. Мектепке дейінгі тәрбие журналы 2012 №3
4. Жаттамақ (Балаларға арналған)
5. Казахский язык. Хрестоматия, Еденбаева З.Д., Сарсенбаева А.У., «Алматыкітап» 2008ж
6. Көркем әдебиет 2014ж
7. Тіл дамыту 2015ж
8. «Ойлаумен, ой толады...» Д.Болатбаева, Алматы «Баласа» 2004жыл

№ 1 « 27 » тамыз 2020 ж

Педкеңесте қаралды

Бекітемін

Мектеп директоры: С.Т. Койайдаров

« 2 » қыркүйек 2020 жыл



Қызықты логика
(вариативтік компонент)

Пайдаланушы: Кайырзаманова С.Н.

Шағын орталық тәрбиешісі

Ә/Б отырысында қаралды _____

(Ә/Бжетекшісі)

Тексерілді *Дарига* Г.С. Дарибаева

Оқу ісі жөніндегі орынбасары

Түсінік хат

Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әркетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

Ұсынылып отырған «Қызықты логика әлемі» вариативтік бөлім бағдарламасы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгереді. Бағдарлама-дағы ойындар мен тапсырмалар қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Материалдар ҰОҚ негізгі тақырыптарын жинақтап, қорытындылау үшін, «Кім тапқыр, «Ойнайық та ойлайық!», «Кішкентай математиктер», «Ғажайып тапсырмалар», «Үздік логиктер» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тереңдетіп, кеңейтетіндей етіп іріктелген. Сондай-ақ, балалар вариативті бөлімнен алған әсерлерін көңілді бейнелер арқылы рефлексия жасауға үйренеді.

Қазіргі дамытушы ойындар «Игровизор», «Танграм», «Коломбовое яйцо», «Монгол» ойындары арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады.

Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылығын әрі қарай өрбіту үшін, «Күлдірген», «Дымбілмес», «Буратино», «Алдаркөсе», «Құрбақа» сияқты тосын сәттер кіргізілген. Ең бастысы-берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

Мектепке дейінгі ұйымда өткізу барысында оқыту мен тәрбиелеуде «Қызықты логика әлемі» вариативтік бөлім бағдарламасы төмендегідей мақсатты ұсынады:

- *Балалардың танымдық қызушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыру. Логикалық дағдыларын жетілдіріп, жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерту.*

Бағдарламаның міндеттері:

- *Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету;*
- *ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылауға тәрбиелеу;*
- *зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұшық еттерін дамыту;*

Күтілетін нәтижелер:

- *Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға, заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады;*
- *Балалардың ой-өрісі кеңейіп, есте сақтау қабілеті шыңдалады, білімге деген қызығушылығы артады;*
- *Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген білімдерін толық меңгереді; Бала өз бетімен жұмыс жасай алады*

«Қызықты логика әлемі» вариативтік бөлім

№	Тақырыбы	Мақсаты	Қолданылатын материалдар	Өткізілу мерзімі
1	«Тапқырлар»	Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, балалардың ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеңілдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру.	Д/ойын: «Пішіндерді есте сақта»	1
2	«Хайуанаттар бағына саяхат»	Балаларға хайуанаттар туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға үйрету арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Жұмбақтар 1.Қалқиып қос құлағы, Елеңдеп қорқып тұрады. (Қоян) 2.Қорықпайды күшті аңнан, Қорқады тек тышқаннан (Піл)	1
3	Кім тапқыр?	Балаларды жіктеу, орналастыру, ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру.	Санамақ Бір үйде бес баламыз, Бір-бір жастан арамыз. Бір жастағы - Біржан Екідегіміз - Елжан Үштегіміз — Үсен Төрттегіміз - Төкен Бестегіміз - Бекен Жастарымызды қосыңыз, Қосындысы қанша осының?	1
4	«Ойнайық, та ойлайық»	Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету. Сандар туралы білімдерін одан әрі дамыту, ой-өрісін кеңейту.	Д/о: «Жасырылған санды тап»	1

5	«Ойлы болсаң озып көр»	Геометриялық пішіндерді ажырата отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмалар қызығушылықтарын арттыру.	Көңілді ойын жасайық, Батыл қадам басайық. Осылайша шабытпен, Ойынымызды бастайық.	1
6	«Пішіндер әлемі»	Балалардың зейінін ойлау қабілеттерін, геометриялық пішіндер мен денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Сергіту сәті: Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін Болып шықты оң саусақ	1
7	«Ғажайып тапсырмаларға саяхат»	Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Бәрімізт енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Қонақтарға сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.	1
8	«Ғажайыптар әлемінде»	Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру. Көп білуге, ізденуге ұмтылдыру, білімдерін жан жақты дамыту, ұшқыр ойлауға баулу.	Сергіту сәті: Орнымызда тұрамыз, Дөңгелекті құрамыз Қолымызбен шапалақтап, Аяқпенен ұрамыз	1
9	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.	Саусақ жаттығуы «Бес саусақ» Бас бармағым-атам, үйдің данасы, балаң үйрек-әжем, ошақ анасы. Ортан терек-әкем, отау панасы,	1

			шылдыр шүмек-шешем,шаңырақ ажары. Титтей бөбек-мен,бәрінің базары.	
10	«Логика сыры»	Балаларды бірдей бейнелерді табуға, байқампаздықтарын дамытуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін дамыту.	Д/о:«Көңілді шеңбер»	1
11	Ойна да ойлан!	Балаларды есте сақтау,зейіндік қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Тапсырмалар орындау арқылы ойлау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа қызығушылығын дамыту.	Сергіту сәті 1. Еркін ұста дененді, Тарсылдатпай еденді Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Аяқты алға созайық Тік көтеріп, қозғайық. Тымсылбыр да болмайық Алғақарайозбайық. Бір, екі, үші, бір, екі, үш.	1
12	Ойна,ойла,жікте!	Логикалық ойлау қабілеттерін, білім-білік дағдыларын,ойнай отырып ойлауға бағыт беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Математика мақал-мәтелде» (мақалдың жалғасын тап) <i>1.Бір тал кесең ,</i> <i>2. Жүз теңгең болғанша,...</i> <i>3.Екі жақсы қас болмас,...</i> <i>4.Жеті рет өлшеп,...</i> <i>5. Білекті бірді жығады, ...</i> <i>6.Бір жеңнен қол шығар,...</i>	1
13	Зейінді бол	Балалардың зейінін шоғырландыру,ой-өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, білімге қызығушылығын, белсенділігін дамыту.	Д/О «Зейінді бол»	1

		Жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.		
11 41	«Жүзден жүйрік»	Сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зейінін тұрақтандыру.	«Көңілді санамақтар» Кел санайық санамақ, Кел санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы - Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек – кезекші, Шылдыр шүмек – көмекші Шынашағым – балапан, Бәріне ортақ алақан. Шылдыр шүмек – мен, Титтей бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бірүйдебізбесеуміз.	1
15	«Сиқырлы қораптың қызықтары»	Заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зейінін дамыту.	Д/о: «Өз орныңды тап»	1
16	«Кішкентай тапқырлар»	Ойлау, көріп тану, есте сақтау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін арттыру. Белсенділікке шапшаңдыққа, кеңестікті бағдарлай білуге үйрету	Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»	1
17		Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-	Д/о «Өз орнына тұр»	1

	«Ойшылдарға тапсырма»	түсін, пішінін, сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.		
18	«Көңілді ойшылдар»	Балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа тәрбиелеу.	Бірінші күн- дүйсенбі, Екінші күн – сейсенбі Үшінші күн – сәрсенбі Төртінші күн — бейсенбі Бесінші күн — жұма Алтыншы күн- сенбі Жетінші күн- жексенбі.	1
19	«Бақаның қызықты тапсырмалары»	Балаларды тапсырмалар орындау арқылы, көкөністер мен жемістерді, жануарларды ажыруға, кеңестікті бағдарлай білуге дағдыландыру.	Санамақ. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! (Қадыр Мырза Әли)	1
20	Логика сыры	Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту.	Жаңылтпаш Орта қойдым, Торта қойдым. Торта қойдым, Орта қойдым.	1
21	«Ұлудың көңілді тапсырмасы»	Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру, заттардың ұқсастығын ажырата білу, ойлау қабілеттерін арттыру.	Саусақ санау ойыны Қуыр- қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек,	1

			Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	
22	Ойнап жүріп, ойлайық!	Логикалық ойлауларын жетілдіру, қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту. санамақтар айта отырып, зейіндерін дамыту.	Санамақ. 1-дегенім бөрік, кесең бойға көрік. 2-дегенім етік, киер сәнді етіп. 3- дегенім ішік, теріден тігер пішіп. 4- дегенім тымақ, қыста кесең жыл-ақ 5-дегенім байпақ, іші жылы тайпақ	1
23	«Ойлан тап»	Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.	Д/О: Ойлан тап	1
24	«Ойнайық, шешпей оны қоймайық»	Логикалық ойлау дағдыларын дамыту мақсатында ойын есептер, дидактикалық ойындарды қолдану туралы білімдерін тиянақтау.	Логикалық есеп Екі қаз ұшып барады, Биіктен төмен қарады. Аяқ нешеу, бас нешеу? Жауабынкім табады?	1
25	«Тез ойла, ойна!»	Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру, санамақтар арқылы сандарды айта білуге, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Санамақ Бір дегенім білім, Білім жарық күнің. Екі дегенім елім, Далам, туым көгім....	1
26	«Математика әлемінде»	: Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін, пішінін, сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.	Жаңылтпаш Үш кісі ішік пішті, Бес кісі ішік пішті. Неше кісі ішік пішті?	1
27	Кім жылдам?	Балаларды санау дағдыларын одан әрі дамыту, түстерді ажырату туралы білімдерін толықтыру әрі пысықтау	Жаңылтпаш Тас тостаған, Тас тостағанның ішіне,	1

			Тас тастаған.	
28	«Пысықтаушы логика жаттығулары»	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ақыл-ой белсенділігін күшейту, шапшаңдылыққа, дәлдікке тәрбиелеу.	Шаттық шеңбері Құтты болсын осы шаттық күніңіз. Бақытты да өмір сүріңіз, Қуанышты жүзіңізбен әрдайым Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.	1
29	«Бауырсақтың тапсырмалары»	Балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, белсенділігін, қиялдауын дамыту. Ертегі, ертегінің кейіпкерлері туралы білімдерін бекіту. Кейіпкерге көмектесу ықыласын қалыптастыру. Жануарлардың қимылдарын көрсету.	Торауылдап ауылды, Қыс бойына жатады, Тісі десең тісі бар, Тәтті ұйқыға батады, Түнде жортар ісі бар. (қасқыр)	1
30	«Логикалық жаттығулардың сиқыры»	кеңістікте бағдарлай алуға, зейіндерін, қиялдарын логикалық тапсырмалар арқылы арттыру, белсенділікке, тапқырлыққа үйрету.	Шешем менің — дәрігер, Адамдарды ол емдер. Әкем менің – инженер, Қаламызды көркейтер. Ойыншықтар бар сенде, Ойыншықтар бар менде. Ат пен доп бар Есенде, Қуыршақ бар Әселде.	1
31	«Пішіндер тапсырмалары»	Ғажайып саяхат арқылы Сан мен санды, сан мен өрнекті салыстыру жолдары, есептер шығару, сандар туралы білімдерін жетілдіру, логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру.	Д/о: «Көңілді шеңбер»	1
32	Қызықты тапсырмалар	Заттарды салыстыра білу ұғымын бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Сергіту сәті Оң қолымды көтерем, Оң қолымды түсірем, Сол қолымды көтерем. Сол қолымды түсірем. Оңға қараймын,	1

			Аяқты топ-топ басамын, Солғақараймын. Біразсергіпаламын.	
33	«Алдар Көсенің тапсырмалар ы»	Қиялдарын дамыту. ойын тапсырмаларға деген қызығу- шылықтарын дамыту	Санамақ Бөрік тіктім. Он ойланып, Тоғыз толғанып, Сегіз рет сызып, Жеті рет бұзып, Алты рет қарап, Бес рет санап, Төрт түйме қадам, Үш тал үкі тағып. Екі қолым талып, Бір бөрік тіртім, Әзір деп біттім.	1
34	«Қызықты математика»	қиялдарын дамыту, ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту	Санамақ Алмас, Асан келісті, Алма жинап бөлісті. Арасында бір алма, Айтыс болды бұларға. Асан берсе, алмасы Үштен бірі кем болар. Алмас берсе, алмасы Асанның да тең болар. Алма санап көріңдер, Екіге тең бөліңдер.	1
35	«Сандықтағы қызықты тапсырмалар »	логикалық ойындар мен шытырман жолдарды пайдалану арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Балалардың тәулік мезгілдерін, апта күндерінің жыл айларының	Санамақ Бір аптаның күндері өтті: 1. Дүйсенбіде гүлдер ектім. 2. Сейсенбіде алма тердім.	1

		реті туралы білімін бекіту.	3.Сәрсенбіде су әкелдім. 4.Бейсенбіде бақша баптап, 5.Жұма күні тақпақ жаттап, 6.Сенбіде мен саған бардым. 7.Жексенбіде бірдемалдым.	
36	«Не білдім,не үйрендім?»	Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау,есептеу дағдыларын жаттықтыру,геометриалық пішіндер және геометриалық денелер туралы білімдерін бекіту,баланың тілін ойын танымдық қабілетін дамыту.	Жұмбақ жасыру Жасыл оранып далалар, Ән салады бұлбұлдар. Күледі біздің балалар, Бзындайды аралар. Ойнайды найзағай, Айтыңдаршы, Бұл қай ай ?	1

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1. А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Алматыкітап баспасы.2012жыл*
- 2. Ұ.Жұмаділдаева. Сандарға саяхат. Алматы 1997жыл*
- 3. . Б.М.Қосанов. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. Алматы 1998жыл*
- 4. «Ойнайық та ойлайық». Алматы 1996 жыл*

№ 1 « 27 » тамыз 2020 ж

Педкеңесте қаралды

Бекітемін

Мектеп директоры: С.Т. Қойайдаров

« 2 » қыркүйек 2020 жыл



Бояулар сыры
(вариативтік компонент)

Пайдаланушы: Кайырзаманова С.Н.

Шағын орталық тәрбиешісі

Ә/Б отырысында қаралды _____

(Ә/Бжетекшісі)

Тексерілді *Г.С. Дарибаева* Г.С. Дарибаева

Оқу ісі жөніндегі орынбасары

Түсінік хат

Бүгінгі білім беру ісінің мақсаты – тек білім, білік дағдыларын меңгерту ғана емес, өзін-өзі дамытуға ұмтылатын, ақылды да алғыр, ой-өрісі ақпарат көздерін өз бетімен қорытып, қолдануға қабілетті, шығармашыл, ой-өрісі кең, жоғары мәдениетті адам тәрбиелеу болып табылады.

Қазіргі таңда тұлғаның жалпы эстетикалық қабылдауы мен дамуының заманауи міндеттерін шешуге арналған эстетикалық өнерді оқытудың жаңа амалдарын табуға көп көңіл бөлінеді.

Өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру жүйесінде бейнелеу өнерінің алатын орны ерекше. Яғни, қоршаған ортаның сұлулығын көріп-түсіне білу мәдениетін тәрбиелеуге, көркем –эстетикалық сезімді, еңбек белсенділігін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ адамды алға ұмтылуға, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа, қол ұшын беруге әзір болуға, тұлғаның өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсетуіне мүмкіндік береді.

Шығармашылық —бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Мақсаты:

Балаларды көркем шығармашылық қабілеттерін, зейіндерін дамыту, ой-өрісін бейнелеу өнері әлеміне бағыттап, қызығушылығын арттыру.

Дәстүрден тыс сурет салу технологиясының міндеттері:

- Бейнелеу іс-әрекетіне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту;
- сурет салу өнеріне деген қызығушылығын ояту;
- көркемдік талғамын арттыру;
- іскерлік дағдыларын меңгерту;

Дәстүрден тыс сурет салу технологиясының негізгі бағыттары :

- айналаны бақылау және қабылдауын дамыту;
- бейнелеу өнері түрлері және көркем өнер туындыларымен таныстыру, көркемдік талғамын арттыру;
- іскерлік дағдыларды меңгерту.

Күтілетін нәтиже:

- Сурет салу құралдарымен жұмыс жасап үйренеді;
- Бейнелеу өнерінің түрлерімен жанрларын айыра біледі;
- Үлгі бойынша суретті дұрыс үйлестіріп жаттығады;
- Түстерді саралауды үйреніп, түстермен жұмыс жасай алады;
- Түстердің мағынасын ашып, әңгімелеп береді;
- Өзі салған суретті салыстыра білуге дағдыланады;

Кіріспе

Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді. В.А. Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Ересектердің көмегімен көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (сурет, жапсыру) . Бейнелеу өнерінің сурет салу, мүсіндеу, жапсыру бала үшін өзінше әр қайсысы қызықты. Бала бейнелеу өнерінің қай түрімен айналысса да өз көңіл күйін білдіре алады. Балалар ерте жастан бастап өздерінің қоршаған ортадан алған әсерін бейнелеп көрсетуге тырысады. Дәстүрден тыс әдістермен сурет салу, жапсыру, мүсіндеу балалардың шығармашылық қабілеттерін жақсы дамытады, көңілдерін көтереді, шығармашылыққа талпындырады. Ол қиял деңгейлерін дамытуға, ой...ұшқырлығына, танымдық белсенділігі мен ізденгіштік қабілеттерін жетілдіруге көп әсерін тигізеді. «Өнерлі екен он саусақ» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Мақсаты:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалыс дағдыларын және қолдың білезік буынының икемділігін арттыру.
3. Балаларды дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып кез- келген сурет салуда, жапсыруда, мүсіндеуде өз шығармашылықтарымен ұштастыра білуге үйрету.

Міндеті: Балаларды көркем шығармашылық қабілеттерін, зейіндерін дамыту, ой-өрісін қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы

«Бояулар сыры» вариативтік бөлім.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Күзгі кілем	Балаларға күз мезгілі туралы түсінік бере отырып, дәстүрден тыс сурет салудың үрлеу, бастыру техникасымен күзгі жапырақтарды бейнелеуді үйрету.	1
2	«Бұлттар - ақ қанатты аттар»	Балаларды сурет салудың жаңа техникасымен таныстыру. - балаларды көбік резеңкетампонмен сурет салуға машықтандыру; - композиция сезімін, шығармашылық қиялындамыту;	1
3	Тарелкедегі жидектер	балаларды дәстүрлі емес саусақ суретімен таныстыруды жалғастыру; өнімділікті бекітіңіз, суретті парақтың барлығында орналастыру қабілетін, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту; топта жағымды ахуал тудыру;	1
4	Жемістер натюрморты	балаларға «натюрморт» ұғымын түсіндіру, көкөністер мен жемістер тобын бейнелеуге, олардың пішіні мен түсін жеткізе білуге және суретте дұрыс орналастыруға үйрету. «натюрморт» ұғымымен, шебер суретшілердің шығармаларымен таныстыру, натюрморт пен заттардың қарапайым бейнесі арасындағы айырмашылықты ашу;	1
5	Жеміс – жидектер.	Балалардың жеміс - жидектер туралы білімдерін арттыру. Олардың алуан түрлілігі туралы ұғымдарын дамыту.	1
6	Көбелектің суретін саламыз	Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, бояу түстерінің мәнін түсіндіру. Көбелектің бейнесін қағазға монотопия әдісімен түсіруді үйрету. Балаларды табиғатты аялауға, қорғауға және ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу.	1
7	Күзгі өнімді жинауға арналған себет	Өз қолдарымен қағаздан әр - түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.	1

8	Жемістер	Қайшымен жұмыс істеу дағдыларын арттыру, домалақ және сопақ пішіндерді қағаздан қиып үйрену. Дұрыс желімдеуге дағдыландыру. Балаларды қайшымен жұмыс жасауға дағдыландыру.	1
9	Жол белгілері	Қажетсіз материалдармен жұмыс жасау.	1
10	Күзгі жапырақ	Күзгі жапырақтарды қағаздан умаждап жасау.	1
11	«Күзгі саңырауқұлақтар»	Жапырақтар арқылы саңырауқұлақ бейнесін жапсыру.	1
12	Саусақтар – тату отбасы.	Сурет арқылы саусақтарынан отбасының тату бейнесінің суретін салуды үйрету, шығармашылық қиялды, бастаманы дамыту.	1
13	Дастархандағы бауырсақ	(Дәстүрден тыс) Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуға үйрету.	1
14	Құс	Алақанмен құстың қанатын салу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
15	Балық (ұжымдық жұмыс)	Сурет салудың дәстүрлі және дәстүрден тыс әдістері арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Алақанмен жұмыс жасай білуге үйрету.	1
16	От шашу (балауызбен)	Балаларға балауызбен сурет салуға үйрету. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Ойлау қабілеттерін дамыту.	1
17	Байтерек	Байтерек туралы түсінік беру. Мақта таяқшасымен бояуды үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
18	Ара	Балаларға жапсырмалау туралы түсінік беру және жапсырмалар жасап үйрету, балалардың қол моторикасын, қиялын дамыту. Желімен ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.	1
